

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Жемістер. Алма.ЖАРИЯЛАНДЫ
29.01.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/66131/>

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: Жемістер. Алма.

Мақсаты:

Білімділік: Балаларды жемістердің түрлерімен таныстырып, оларды бір-бірінен түсі, пішіні, дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету. Жақын таныстыру, түстер туралы ұғымын бекітіп, ойлау қабілеті мен сөздік қорларын жетілдіру.

Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, салыстырып әңгімелеу, санау, сұрақ-жауап.

Оқу іс-әрекет кезеңдері Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық қозғаушылық

Үйлестірмелі-материалдық жұмыс

Сергіту сәті

Ойын

Сәлеметсіңдерме балалар?

— Балалар көңіл-күйлерің қалай?

— Балалар осы жақсы көңіл-күймен шаттық шеңберін құрайық.

Арайлап таң атты

Алтын шуақ таратты

Армысың достарым

Сәлем, Сәлем, Сәлем!

— Балалар қазір көктем мезгілінің үшінші айы.

— Балалар көктем мезгілінде үш ай бар

— Наурыз, сәуір, мамыр

— Көне, бәріміз қайталап айтайықшы.

— Ой, жарайсыңдар балалар

— Балалар, бәріміз көзімізді жұмып, үстел үстіне қарайық, мына жеміс толы себетті

көрдiңдерме?

— Себеттiң iшiнде не бар екен?

— Себетте қандай жемiстер бар?

— Балалар, себетте алма, алмұрт, өрiк бар екен. Осы жемiстердiң iшiнен қайсысы сендерге көбiрек ұнайды?

— Әрине, алма, олай болса алмамен жақынырақ танысайық.

— Балалар мына суретке қараңдаршы бұл алма ағашы. Көктем маусымында бау-бақшаларда алма, өрiк, шие гүлдеп, жаз мезгiлiнде пiседi.

— Балалар, мына себеттегi алмаларды санайықшы неше алма бар екен?

— Ой, жарайсыңдар балалар!

— Балалар алманың көптеген түрi бар, алма қызыл, сары, жасыл түстi болады.

— Алма өте тәттi және пайдалы жемiс. Алмада дәрумендер өте көп.

— Ал, ендi балалар, алма қайда өседi екен?

— Балалар, алдарыңдағы алманың суретiне қарайықшы.

— Түсi қандай?

— Пiшiнi қандай?

— Алманың пiшiнiне қарай жапсыру.

— Ал, ендi балалар қолымызды бiр сергiтiп алайық.

Оң қолымда бес саусақ

Сол қолымда бес саусақ

Қосып едiм екеуiн

Болып шықты он саусақ.

— Ой, жарайсыңдар, балалар!

— Ал, ендi балалар, алманың дәмiн татып көрейiк.

«Алманы ағашқа орналастырамыз».

Шарты: Кiрпiшешеннен алманы алып ағашқа орналастырамыз.

— Ой, жарайсыңдар, балалар!

— Ендi балалар қонақтармен қоштасайық.

— Сай болыңыздар! Сәлеметсiзбе

-Жақсы

-Балалар себеттегi жемiстердi атайды

-Балалар тәрбиешiсiмен қайталайды, алма, алмұрт

-Балалармен бiрге санап шығу

1,2,3 алма

-Алма бақта, ағашта өседi

Алманың пiшiнi дөңгелек

-Балалар қимыл қозғалыспен қайталайды.

Күтілетін нәтиже

Біледі: Жеміс түрлерін атап, оның ішінде алманың түсін, дәмін ажыратып пішінін қолмен көрсете біледі.

Игереді: алманың қайда өсетіндігі жөніндегі түсінікті игереді.

Меңгереді: Алма жайында мағлұматтарды меңгереді.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.